

**ҚАРАГАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТЕМІРТАУ
ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«БАЛДЫРҒАН» АРНАЙЫ
БАЛАБАҚШАСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«СПЕЦИАЛЬНЫЙ ДЕТСКИЙ САД
«БАЛДЫРҒАН» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ТЕМИРТАУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

БҰЙРЫҚ

19 қыркүйек 2025ж

Теміртау қаласы

ПРИКАЗ

104 н/к

город Темиртау

**Сыбайлас жемқорлық
құқық бұзушылықтарға жол бермеу
және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін
жою туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының, 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңының, 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңының қолданыстағы редакцияларына енгізілген өзгерістерге байланысты, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жол бермеу және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Балдырған» арнайы балабақшасы» КМҚҚ педагог қызметкерлеріне тәрбиеленушілердің ата-аналарынан (занды өкілдерінен) төмендегі мақсаттарда мәжбүрлі ақша жинауға қатаң түрде тыйым салынын:

- жөндеу жұмыстарын жүргізуге;
- жиназ, жабдықтар, шаруашылық заттарын сатып алуға;
- ғимараттарды (бөлмелерді) жинауға;
- қызметкерлерге сыйлықтар алуға;
- атtestаттау, мерекелік және өзге де іс-шараларды, оның ішінде тұлектерге арналған мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысқа жауапты Қаратун Галина Владимировнаға «Балдырған» арнайы балабақшасы» КМҚҚ-да келесі заңбұзушылықтарға жол бермеуді қамтамасыз етсін:

- кітап өнімдерін, ойын-сауық іс-шараларына билеттерді сату;
- шақырылған әртістерге, аниматорларға көрсеткен қызметтері үшін ата-аналар есебінен ақы жинау;
- мерекелерге арналған сыйлықтар мен жүлделерді ата-аналардың қаражаты есебінен сатып алу;
- мерекелік даталарға орай безендіруге ерікті жарналар есебінен шығын шығару;
- оқу-тәрбие процесі барысында коммерциялық ұйымдардың жарнамасын орналастыру.

- үшінші тарап ұйымдарының тауарлары мен қызметтерін жалға алу шартысыз өткізу;
 - бюджеттік қаржыландыруда қарастырылмаған ақылы байқаулар мен олимпиадаларға қатысу үшін қаражат жинау.
3. Мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру тәртібі
- 3.1. Театрларға, мұражайларға, көрмелерге және басқа да мәдени іс-шараларға баруға тек ерікті түрде, балабақша қызметкерлерін қаражат жинауға тартусыз ғана жол беріледі.
4. Тәрбиешілердің міндеттері
- 4.1. Барлық жас топтарының тәрбиешілері ата-аналармен және ата-аналар комитеті мүшелерімен заңсыз ақша жинауға жол берілмейтіні туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.
5. Бұзушылықтар үшін жауапкершілік
- 5.1. Осы бұйрық талаптарын бұзып, ата-аналардан ақша жинауға жол берген педагог қызметкерлерге Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, еңбек шартын бұзуға дейінгі тәртіптік жаза шаралары қолданылсын.
6. Орындауды бақылау
- 6.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысқа жауапты Қаратун Галина Владимировнаға:
- барлық қызметкерлерді осы бұйрықпен қол қою арқылы таныстыруды қамтамасыз ету;
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың орындалуын жүйелі түрде мониторингтеу.
- 6.2. Бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Қарағанды облысы білім басқармасының
Теміртау қаласы білім бөлімінің
«Балдырган» арнайы балабақшасы»КММ
Директор



Шигабутдинова Н.И.